

2 маусым
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

«АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ»

ГАСТРОФЕСТИВАЛІ ҚОНАҚТАРДЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ БАЙ МҰРАСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

«АСТАНА» САЯБАҒЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДА, МӘДЕНИЕТІНДЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАТЫН ТАРЫ ДАҚЫЛЫН ӨСІРУ ДӘСТҮРІН САҚТАУ МЕН ДӘРІПТЕУГЕ АРНАЛҒАН «АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ» ГАСТРОФЕСТИВАЛІ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ҚАТЫСЫП, ФЕСТИВАЛЬДІҢ КӨРМЕ АЛАҒАДАРЫН АРАЛАП КӨРДІ, ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ.



Сондай-ақ ұлттық дәстүрлерді сақтау мен өңірде гастрономиялық туризмді дамытудың маңыздылығына тоқталды. Ауқымды шараға қала тұрғындары мен қонақтары көптеп жиналып, өңірдің бай мәдени және гастрономиялық мұрасы танытатын жарқын алаңға айналды. Фестиваль қонақтарының тарыдан дайындалған елуге жуық тағам түрі ұсынылған

көрме-жәрмеңке ерекше қызығушылығын тудырды. Қатысушылар ұлттық тағамдардың алуан түрімен танысып, шоколадты жент өзірлеу бойынша шеберлік сабағына қатысып, дәстүрлі бауырсақ пен самаурыннан құйылған шайдан дәм татты. Көпшіліктің назары Ойыл ауданының арнайы алаңына ауды. Мұнда тары өсіру және өңдеу тарихына арналған экспонат

тар қойылып, дәнді дақылды дәстүрлі тәсілмен дайындау үдерісі көрсетілді. Келушілер атақты тарышы Шығанақ Берсиевтің Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі туралы кеңірек мәлімет алып, осы дақылға қатысты ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктерімен танысты. Фестиваль аумағында халық шеберлерінің қолөнер бұйымдары көрмесі де ұйымда-

стырылды. Қонақтар теріден, киізден, ағаштан және жүннен жасалған авторлық жұмыстарды тамашалап, зергерлік өнер туындыларымен танысты және қолөнершілер өткізген шеберлік сабақтарына қатысты.

Гастрофестиваль аясындағы маңызды іс-шаралардың бірі ауыл шаруашылығы саласының мамандарын, агрономдарды, қоғам өкілдерін және сарапшыларды біріктірген «Ақтөбе – тарының астанасы» атты дөңгелек үстел болды. Кездесу барысында тары өсіру дәстүрін жаңғырту, оның пайдалы қасиеттері, сондай-ақ өңірдің аграрлық және гастрономиялық әлеуетін дамыту перспективалары талқыланды.

Гастрофестиваль ұлттық тағамдарды насихаттайтын мерекелік шара ғана емес, мәдени мұраны дәріптеуге, дәстүрлі өнімдерге деген қызығушылықты арттыруға және тарихи жадыны сақтауға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Іс-шара қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі тарының ерекше орнын тағы бір мәрте айқындап, Ақтөбе облысының осы бірегей дақылды дамытудағы маңызды орталықтардың бірі екенін көрсетті.

ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ ЕҢБЕККЕ ТАҒЫМНЫҢ ҮЛГІСІ

БИЫЛ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДАҒҚТЫ ДИҚАНШЫСЫ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТИҢ ТУҒАНЫНА 145 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҚҰРМАНОВ КӨШЕСІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ШЫҒАНАҚ БЕРСЕҰЛЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Тағылымды шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, бөлім басшылары, мекеме қызметкерлері мен ауыл тұрғындары қатысты. Жиналған қауым Ұлы тұлғаның рухына тағзым етіп, ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойды.

Шара барысында Шығанақ Берсеұлының ел дамуына қосқан зор еңбегі, ауыл шаруашылығын өркендетудегі тарихи жетістіктері мен ең-

бекқорлығы туралы айтылып, оның өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі екені атап өтілді. Бұл іс-шараның басты мақсаты – халқымыздың біртуар перзентінің мәдени және тарихи мұрасын дәріптеу, жастарға патриоттық тәрбие беру және ұлттық құндылықтарды насихаттау. Шығанақ Берсеұлының есімі мен еңбегі ел жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚАУ БОЛҒАН КЕЗДЕСУ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҚАЙРАН БІЗДІҢ АРДЫ ОЙЛАҒАН АНАЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДА РУХАНИ-ТАҒЫЛЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Кештің қадірлі қонағы – Қазақстан Республикасының құрметті азаматшасы, көп балалы ардақты ана, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының «Ең үздік әйел» орденінің иегері, «Мерейлі отбасы» республикалық байқауының Гран-при иегері, «АМАНАТ» партиясы Әйелдер қанатының әйелдер денсаулығы мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға жәрдемдесу тобының мүшесі, ұлттық салт-дәстүрді насихаттаушы Бибігүл Әбдішүкірқызы болды. Кездесуге Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен, Ойыл аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Гүлнұр Дүсіпова және белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысушылары қатысты.

Тағылымды кездесуде ананың қоғамдағы орны мен қадір-қасиеті, отбасының берекесі мен бірлігі, ұлттық тәрбиенің маңызы, салт-дәстүрді сақтау мен кейінгі ұрпаққа насихаттау мәселелері кеңінен сөз болды. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамда мейірімділік пен адамгершілік құндылықтарын дәріптеу, ер азаматтардың отбасындағы және қоғамдағы беделі, кемел қарттыққа берекелі жетудің мәні жөнінде де әсерлі әңгімелер өрбіді. Кездесу барысында Бибігүл Әбдідаева өмірден түйген



тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық құндылықтарды ұлықтау, отбасы институтын нығайту және ұрпақ тәрбиесіндегі ананың рөлі туралы мазмұнды ойларын ортаға салды. Қатысушылар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Шара соңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің атынан Бибігүл Әбдішүкірқызына алғыс хат-

тар, естелік сыйлықтар мен гүл шоқтары табысталды. Тағылымға толы кездесу көпшілікке ерекше әсер сыйлап, ананың қадірі мен отбасы құндылықтарының маңызын тағы бір мәрте ұғындырды. Кездесуді көркем әнмен әрлеген аудандық мәдениет үйінің қызметкері Боранбай Ешпанов жиналған қауымға әсем әндерін тарту етіп, кештің ажарын аша түсті.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.

БАРЛЫҚ АУЫЛДА МАЛ БАҒУ МӘДЕНИЕТІ ТӨМЕН ОНЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ Ш.БЕРСИЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ҚАРАТАЛ, ҚАРАСУ, ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛДАРЫНДА ЖАЛҒАСТЫ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРҒА ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ТОҚТАЛЫП, АУДАНЫНЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ ӨР САЛАДАҒЫ ӨСІМ ДЕНГЕЙІМЕН ТАНЫСТЫРЫП ӨТТІ.

Аудан әкімінің өлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары жергілікті жердегі бірқатар өзекті сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Қаратал ауылының тұрғындар тарапынан жұмыс мәселесі, қысқа мал азығын даярлау сыйды бірқатар мәселелер қойылса, Құмжарған ауылында жеке шаруа қожалықтарының ауылдық округтің жайылымдық жерлерін тарылуына себеп болуы, газ мәселесі, тұрғын үй бойынша өтініштер түсті. Қарасу ауылында жұмыс мәселесі, су және газ мәселелері, қысқа дайындық жұмыстары талқыланды. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді. Апта соңына қарай аудан әкімінің тұрғындар алдындағы кезекті есеп беру жиыны Ойыл ауылдық округінде жалғасты. Аудан басшысы



алдымен округке қарасты Ақшатау, Қаракөме ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Ауыл тұрғындарының тарапынан орталықпен қатынайтын жол мәселесі, мал ауруларының алдын алу шаралары, газ мәселелері бойынша тұрғындардан өтініштер келіп түсті. Сонымен қатар бұл ауылдарда да жұмыспен қамту мәселесі және қысқа дайындық жұмыстары талқыланды. Кездесу соңында ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді. Аудан әкімінің тұрғындармен кезекті кездесуі Ойыл селосындағы мәдениет үйінде аяқталды. Аудан орталығының тұрғындарын негізінен мал бағуды ұйымдастыру, көшенің тазалығы, мал жай-

ылымы мен жаңа құрылыс аймағына асфальт төсеу сияқты сауалдарын қойды. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтарына қолданыстағы заң аясында жауап беріп, ауылдық округ әкімі мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. **Р. С. Аудан әкімі барлық ауылдағы кездесулерде мал бағу мәдениеті төмен өкөндігін жасырған жоқ. Бірақ, оны қалай қалыптастырамыз? Барлық ауылда да тұрғындардың жеке малдарын бағу мәселесі жолға қойылмаған. Жылқылар жол бойында өріп жүр... Жеке тұрғындардың малы үшін жайылымның тапшылығы – сала-лас мәселе.**

АҚТӨБЕДЕ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДЫҢ КӨРМЕ-ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ АҚТӨБЕДЕ «АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ» АТТЫ АУҚЫМДЫ ГАСТРОФЕСТИВАЛҒА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АТАЛҒАН ІС-ШАРА ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ МӘДЕНИЕТІН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨНІРДІҢ ҰЛТТЫҚ БРЕНДІНЕ АЙНАЛҒАН ТАРЫ ӨНІМІН ДӨРІПТЕП, ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ ГАСТРОНОМИЯНЫ ҰШТАСТЫРҒАН ЕРЕКШЕ АЛАҒА АЙНАЛДЫ. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНІҢ, СОНЫҢ ІШІНДЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН АСХАНАСЫНДА ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАТЫН ДӘСТҮРЛІ ӨНІМ — ТАРЫ ӨНІМІ ЕЖЕЛДЕН ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫСЫНДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛЫП КЕЛЕДІ.



Фестиваль аясында ұлттық тағамдардың көрме-жәрмөңкесі өткізіліп, тарыдан дайындалған 50-ден астам тағам түрі ұсынылды. Оның қатарында дәстүрлі тағам түрлерімен қатар заманауи авторлық интерпретациялар да болды. Қонақтар ұлттық және фьюжн (fusion) бағытындағы ас мәзірін әзірлеу бойынша шеберлік сағаттарына қатысып, тары өнімдерінің дайындалу ерекшеліктерімен танысты. Қуырылған қызыл тары, ақталған тары, тары жармасы, тарыдан дайындалған көже, сары майлы тары, тары құрт, жент, қаймақты тары, тары сорпа, тары бөртпе, жылқы майы қосылған жент, ашымық көже, боза, майсөк, тарыдан жасалған кондитерлік өнімдер, қазы қосылған тары, мейізді және ірімшікті жент, талқан сынды ұлттық тағамдарды ауыз тиіп, сатып алушылар көп болды. Көрмеге Ақтөбе қаласымен қатар Ойыл, Қарғалы, Мәртеқ, Хромтау, Алға және Қобда аудандарынан келген делегациялар белсенді қатысып, өздерінің ұлттық тағамдары мен өнімдерін ұсынды. Ақтөбе өңірінде ұлттық тағамдар мен этно-өнімдерді насихаттап жүрген бірқатар кәсіпкер де өз өнімдерін көрмеге әкелді. Олардың қатарында «Сарқыт» этно-мейрамханасы, «Жейде» этно-кофеханасы, «Ваниль» кондитерлік желісі, сондай-ақ «Ақтөбе

дәмдері» сияқты ұлттық өнімдер шығаратын кәсіпкерлік нысандарды атап өтуге болады. Бұл кәсіпорындар жент, ұлттық төттілер және дәстүрлі тағам түрлерін заманауи форматта ұсынып, өңірдің гастрономиялық брендин қалыптастыруға үлес қосып келеді. — Қазіргі таңда 1000 гектардан астам егістік алқабында тары өсіріміз. Яғни, шикізатты өзіміз өндіреміз, егістен бастап дайын өнімге дейінгі жұмысты толық өзіміз жүргіземіз. Тарыны өңдеу мен қуыруға арналған бірегей жабдығымыз бар, мұндай технологияны Қазақстанда баламасы жоқ. Осының арқасында өнімнің табиғи дәмі, хош иісі, пайдалы табиғи әрі беретін қасиеті үшін жоғары бағалаған. Ал бүгінде әлемде табиғи өнімдерге, ұлттық асханаға қызығушылық артып отырған кезде, тарыдан тек дәстүрлі емес, сонымен қатар заманауи, сәнді әрі сұранысқа ие болатын өнімдер жасау керек. Тары

мен талқан негізінде жент, торт, бәліш, печенье, тоқаш, кәмпит, шоколад плиткалары мен пайдалы тіскебасарлар өндіреміз. Компаниямыздың ерекше мақтанышының бірі — патенттелген шоколадты жент өнімі. Бұл — ұлттық дәм мен заманауи өндіріс технологиясын үйлестірген бірегей өнім. Біз Қазақстанның ұлттық өнімдерін ел ішінде ғана емес, халықаралық нарықта дамытуға да үлкен мүмкіндік бар екеніне сенеміз, — дейді «Ваниль» компаниясының бас директоры Зәуреш Еңсегенқызы. Фестивальде ақ жаулықты әжелер диірмен тартып, келі-келісаппен тары түйо шеберліктерін көрсетті. Ақтөбе қаласындағы «Геолог» мәдениет үйінің «Асыл әжелер» халықтық ән ансамблінің мүшелері — әжелер тас диірменнің сабын айналдырып, тары талқандап отыр. — Бұрын Шалқарда тұрғанда мал да бақтық, егін де салдық, тары да қуырдық. Пискен тарыны әкеліп, тазалап, жуып, қазанға салып қайнататынбыз. Қайнағаннан кейін қуырып, келіге түйетінбіз. Одан кейін диірменге тартып жарма, кейде келіге түйіп, май мен қант қосып жент әзірлейтінбіз. Тары – қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық тағамдарының бірі. Оның пайдасы өте көп. Емшектен шыққан балаға ешкі сүтін қайнатып, оған бөктірілген тарының сөлін берсе, бала шымыр әрі дені сау болып өседі. Үлкен кісілер соғым кезінде еттің сорпасына тары бөктіріп ішкенді жақсы көретені. Қазір де тары дастарқанымыздан үзілмейді, — дейді 81 жастағы әже Гүлара Шалабаева. Күннің жаңбырлы болғанына қарамастан, фестиваль өткізіліп жатқан «Астана» паркінде адам қарасы көп. Келушілер ұлттық дастарқаннан дөп татып, ауыл дәмінен сатып алып кетіп жатты. Келі түйіп, диірмен тартып отырған ақ жаулықты әжелер өн салып, келушілерге әдемі көңіл күй сыйлады. Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.

ШЕБЕРЛЕР КӨРМЕСІ — ҰЛТТЫҚ ӨНЕР МЕН ҰЛЫ ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

АҚТӨБЕДЕ ӨТКЕН «ЭТНО-FEST АҚТӨБЕ — 2026» ЭТНОФЕСТИВАЛІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР МЕН МӘДЕНИЕТТІ ҰЛЫҚТАҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ МЕРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫ. АСТАНА САЯБАҒЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРМЕ» АЛАҒЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАЙ ҚОЛӨНЕР МҰРАСЫН КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРДЫ.



Көрмеде ұлттық киімдер, зергерлік және тоқыма бұйымдары, теріден жасалған көне жәдігерлер, тұрмыстық бұйымдар мен дәстүрлі өрімшілік өнер туындылары қойылды. Өсіресе табиғи былғары мен қайыстан өрілген қамшылар, саба, торсық, көнек секілді ата-баба тұрмысында қолданылған бұйымдар көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Көрмедегі ерлер алаңында қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында келіне жатқан қолданылған тері бұйымдары мен өрімшілік өнері кеңінен таныстырылды. Көрмеге табиғи бояумен өңделген түйе, жылқы, серке және сиыр терісінен жасалған тайжүзген саба, мес, көнек, түйе мойнақ, торсық, тері шелек сынды көне тұрмыстық бұйымдар қойылды. Бұл жәдігерлер ата-бабамыздың көшпелі өмір салты мен ұлттық тұрмысының ерекшелігін айқын көрсетті. Көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырған дүниенің бірі — қазақтың дәстүрлі қамшы және өрімшілік өнері болды. Алаңда шыбыртқы, дойғыр қамшы, ат қамшы секілді қамшы түрлері ұсынылып, оның жасалу тәсілі таныстырылды. Табиғи былғары мен қайыстан өрілген бұйымдар шеберлердің талғамын, ұлттық нақышты және ата-баба мұрасын дәріптейтін ерекше өнер туындысы ретінде

көпшілік назарына ұсынылды. Қолөнер көрмесіне ұсынылған бұл туындылардың авторы — Темір ауданындағы №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі, «Саба» қолөнер орталығының шебері Нұрлан Жақыбаев. Шебердің қолынан шыққан дүниелер ҚР Әділет министрлігінің патент жүйесіне енгізілген. Оның ұлттық мұраны жаңғырту бағытындағы еңбегі көрме қонақтарының жоғары бағасына ие болды. Фестиваль аясында «Тарбия бренд» сән үйінің ұлттық киімдер топтамасы да ұсынылды. Қазақы нақыш пен заманауи сән үлгілерін үйлестірген киімдер көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Бұл ұлттық сән индустриясының жаңа бағытта дамып келе жатқанының көрінісі. Сән үйінің негізін қалаушы — Тәрбия Оверқызы. 30 жылға ұласқан шығармашылық жолында дизайнер сән әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, қайталанбас туындыларымен көпшілікке кеңінен танылды. Ұлттық құндылықты дәріптеген бренд бүгінде халықаралық деңгейде де танымал. Қазіргі таңда «Тарбия бренд» сән үйі Италия, Германия, Испания, АҚШ, Корея, Чехия, Болгария, Түркия, Пәкістан, Ресей, Өзбекстан, Алжир,

Бразилия секілді 30-ға жуық елде сән көрсетілімін өткізіп, шетелдік көрерменнің ілтипатына ие болып келеді. Осылайша ұлттық сәнді әлемге танытып, брендтің көжиегін кеңейте түседі. Қазақтың дәстүрлі қолөнерін дәріптеген шеберлер қатарында Ләйлә Байғанова, Төлеби-ке Құлтаева, Гаухар Утегенова, Хазнабай Хавзай, Бернара Сәндібекқызы, Регина Пашбекова, Калимаш Керімбердиева және Гүлнұр Асқарова өз туындыларын ұсынды. Ал Ақтау қаласынан арнайы келген тоқыма шебері Гүлзия Қарағұлова ұлттық нақыштағы бұйымдарын көпшілікке таныстырып, көрменің мазмұнын байыта түсті. Көрме барысында ұлттық бас киімдер, жүннен жасалған бұйымдар мен қолөнер туындылары қойылып, келушілер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен жақын танысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай көрмелердің басты мақсаты — ұлттық өнерді насихаттап қана қоймай, ескелең ұрпақтың бойына ата дәстүрге деген құрметті қалыптастыру. Этнофестиваль аясындағы шеберлер көрмесі ұлттық рухты жаңғыртып, қазақ қолөнерінің өміршеңдігін тағы бір мәрте айқын көрсетті. Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

АҚ ТАРЫНЫҢ АТАСЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

«Ақтөбе – тарының астанасы» гастрофестивалі аясында тарының тарихи және рухани құндылығын дәріптеу мақсатында қазақтың әйгілі диқаншысы, тары өсіруден әлемге танылған еңбек адамы Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбегі туралы арнайы ақпараттық бұрыш ұйымдастырылып, келушілерге Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы му-

зейнен әкелінген экспонаттар таныстырылды. — Көрме Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбек жолына, оның тары шаруашылығын дамытудағы тарихи еңбегіне арналады. Көрмеде Шығанақ Берсиевке қатысты түпнұсқа құжаттар, тарыдан әлемдік рекорд жасаған кезеңіне қатысты деректер мен фотоматериалдар, сирек фотосуреттер, тарышы туралы жазылған

Бертольд Брехттің, Ғабиден Мұстафиннің, тағы да басқа авторлардың әдеби шығармалары, зерттеу материалдары бар. Сонымен бірге ақ тарының, қызыл тарының масағы, шалғы орақ, қол орақ, кетпен секілді құралдар да бар. Мақсатымыз — Шығанақ Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі қорында сақталған құнды жәдігерлерді кеңінен таныстыру, насихат-



тау және оларды жаңа форматта халыққа жеткізу, — дейді аталған музейдің директоры Дулат Бітімбайұлы. Шығанақ Берсиевтің еңбек жолын айқындайтын жәдігерлердің қатарында оның шағын бюсті, сирек сақталған құжаттары мен түрлі кезеңдердегі материалдар бар. Көрмеге 2006 жылы Шығанақ Берсиевтің 125 жылдығына арналған арнайы экспонаттар да қойылған. Көрме Шығанақ Берсиев

тұлғасын танытумен ғана емес, жалпы тары мәдениетін кеңінен насихаттауға бағытталған. Оның ішінде Ойыл өңіріндегі тары шаруашылығы, ақ тары мен қызыл тарының ерекшеліктері, оны өсіру, орау, өңдеу және дайындау дәстүрлері жан-жақты көрсетілді. Өсіресе, тарыны қол еңбегімен өңдеу процесі — орақпен орау, келі-келісаппен түйо, талқан жасау сияқты көне әдістер ұсынылды. Бұл — ең

бек процесі ғана емес, тұтас бір мәдениет пен өмір салтының көрінісі. Көрме аясында тарыдан жасалатын тағам түрлері де таныстырылды. Ауылдың ақ жаулықты аналары мен келіндері тары қуыру, ұшыру, тазалау дәстүрін көрсетіп, Ойыл тарысының ерекше дәмі мен сапасын көпшілікке паш етеді. Бұл — тек гастрономиялық тәжірибе емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлттық мұра. Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҚҰРБАН АЙТ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Ойыл ауданында Құрбан айт намазы таңғы сағат 06:30-да оқылды. Намаздан кейін бас имам Бақжарық Қызырұлы Құрбан айттың мән-маңызы туралы "Құрбан айт – ұлық мереке" тақырыбында уағыз-насихат айтып, бұл күннің мұсылман қауымы үшін бауырмалдық пен бірлікті нығайтатын, ізгілік пен қайырымдылыққа үндейтін ерекше мереке екенін атап өтті. Сондай-ақ Алланың разылығы үшін жасалатын құлшылықтың, ықыласпен орындалатын құрбан шалу

амалының сауабы еселенетін игі іс екені түсіндірілді. Құрбандық – мұқтаж жандарға жәрдем беріп, қоғамда бірлік пен ынтымақты нығайтатын ізгі амал екені де насихатталды. Бас имам жиналған жамағаты Құрбан айт мерекесімен құттықтап, Алла Тағаланың мейірімі мен кешірімі жауып, әр шаңыраққа береке мен бақ-береке тіледі. Жамағат та мерекелік намаздан соң бір-біріне ізгі тілектерін білдіріп, елдің амандығы мен берекесі үшін дұға жасады.



ҚҰРБАН АЙТТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНДЕ ҚҰРБАНДЫҚ ЕТІ

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ҮЛЕСТІРІЛДІ



Ойыл ауданында Құрбан айт мерекесінің бірінші күнінде арнайы мал сою цехында 13 қой мен 2 ірі қара малы құрбандыққа шалынды. Шарифат талаптарына сай

жүзеге асқан құрбан шалу рәсімінен кейін сойылған мал еттері әлеуметтік азқамтылған жағдайы төмен және көмекке мұқтаж 50 отбасыға таратылды.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Құрбан айт мерекесі аясында мешіт ауласында Парасат ақпараттық-кеңес беру және оңалту орталығы мен Ойыл аудандық мешітінің бірлесе ұйымдастырумен ұлттық спорт ойындарынан сайыстар өтті. Шара барысында қатысушылар асық ату, кір тас көтеру, «Есек ойын» және бұқа тартыс ойындары бойынша бақ сынады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеген жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып,

көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, арнайы ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Шара соңында Ойыл ауданының бас имамы Бақжарық Қызыр жастарға ізгі тілегін білдіріп, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, салт-дәстүрді дәріптеудің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, қатысушыларға алғыс айтып, ел бірлігі мен амандығын тіледі.



ЖАТАҚХАНА СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚҰРБАНДЫҚ ЕТІ ТАРАТЫЛДЫ



Қасиетті Құрбан айт мерекесіне орай Ойыл аудандық мешітінде "Құрбан айт-қайырымдылық көпірі" атты игі шара ұйымдастырылып, Ойыл кәсіптік колледжінің жатақхана студенттеріне құрбандық еті таратылды. Игі шараның мақсаты — студент жастарға мерекелік көңіл-күй сыйлап, қайырымдылық пен жанашырлық құндылықтарын насихаттау. Игі іс шара бары-

сында Ойыл ауданының бас имамы Бақжарық Қызырұлы студенттерді Құрбан айт мерекесімен құттықтап, бірлік пен мейірімнің маңызын атап өтті. Сонымен қатар жастарға ізгі тілегін білдіріп, білім жолында табыс тіледі. Өз кезегінде жатақхана студенттері көрсетілген қамқорлық пен ыстық ықылас үшін ұйымдастырушыларға шынайы ризашылықтарын білдірді.

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ШАҒЫН ФУТБОЛ ТУРНИРИ ӨТТІ

Құрбан айт мерекесіне орай Ойыл ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 45 жастан жоғары азаматтар арасында шағын футболдан аудандық турнир ұйымдастырылды. Аталған жарыстың басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және ардагер спортшылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту. Турнир барысында қатысушылар жоғары белсенділік танытып, көрермендерге тартысты

ойын сыйлады. Тартысты өткен турнир қорытындысы бойынша III орын «Дос» командасына бұйырса, II орынға «Арда» командасы ие болды. Жұлделі I орынды «Ойыл мешіт» командасы жеңіп алды. Жеңімпаз және жүлдегер командалар арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.



«АМАНГЕЛДІ» АУЫЛДЫҚ МЕШІТІНДЕ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Қасиетті Құрбан айт мерекесіне орай Ойыл ауданына қарасты «Амангелді» ауылдық мешітінде балалар арасында жарыс ұйымдастырылды. Шараны мешіт имамы Жамалдін Дүйсенов ұйымдастырып, бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйлады. Жарыс барысында балалар түрлі ойындар мен сайыстарға

қатысып, белсенділік танытты. Аталған шара Құрбан айттың ізгілігі, мейірім және қамқорлық секілді құндылықтарын дәріптеуге бағытталды. Мерекелік шара барысында балаларға 100 дана балмұздақ пен түрлі тәттілер үлестіріліп, бүлдіршіндердің қуанышты сәттеріне себеп болды.

«ЕҢБЕК ПЕН ТАЗАЛЫҚ - ЕГІЗ ҰҒЫМ»

Advertisement for the 'Eziz Ugym' (Honesty and Cleanliness) campaign. It features icons for '1 MAUSYIM' (1st season), 'Balalar күніне орай' (On Children's Day), and 'EҢБЕК ПЕН ТАЗАЛЫҚ - ЕГІЗ ҰҒЫМ'. It lists activities like cleaning, planting, and recycling. A video recording deadline is set for May 29th at 17:00. The slogan is 'Біресе таза болайық! Болашаққа үміт болайық!' (Let's become clean together! Let's hope for the future!).

Кеше 1 маусым халықаралық балалар күніне орай Ойыл аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысушыларына "Еңбек пен тазалық – егіз ұғым" тақырыбында "Таза Қазақстан" экологиялық бағдарламасы аясында тағылымды тазалық акциясы ұйымдастырылды. Тағылымды тазалық акциясы аясында орталық қатысушылары өздерінің тұрғын үйлерінің аула маңын, аула ішін тазалап, немеремелерімен бірге бірігіп жасады. Акцияның негізгі мақсаты адамның еңбекке деген адал қарым-қатынасы оның қоршаған ортаға, қоғамға және өз денсаулығына деген тазалығын айқындайтындығын, тазалық пен еңбек екі ұғым бірін-бірі толықтыратындығын физикалық және рухани тазалық еңбек етуге құлшыныс оятатындығын «Таза Қазақстан» сияқты ауқымды экологиялық бағдарламалар аясында, табиғатты таза ұстау – еңбекқорлық пен азаматтық борыштың көрінісін қалыптастыратындығын, тазалықты қатар ұстау адамды ұқыптылыққа, жауапкершілікке және жүйелілікке үйрететіндігін, бұл құндылықтар отбасынан басталып, ұлттық тәрбиенің негізін құрайтындығын орталық қатысушылары яғни үлкендер өз істерімен және өз сөздерімен немерелеріне жеткізе отырып 1 минуттық видеомен жасауды ұйымдастыру болатын. Акцияға қатысқан 10 отбасының мүшелерін орталық басшысы Жангүл Ізғарина алғыс хаттармен марапаттап, бүлдіршіндерге мерекеге орай тәттілер жиынтығын ұсынды.

ОРМАН-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Халқымыздың өртті тілсіз жау деп айтуы негізсіз емес - себебі, өрт күтпеген жерден басталып, көптеген жылдар бойғы маңдай термен жиган терген дүние-мүлкінді лезде аяусыз жалмап әп-сәтте жоқ қылуы ғажап емес. Осындай тілсіз жаудан сақтанудың ең қарапайым жолы оның алдын-алу, және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Аудандық Ойыл газеті бетіне өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері арқылы аудан тұрғындарына өрттердің алдын-алу мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде жаднамалар таратылуда. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпін алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары әлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайлылық, мән бермеушілік, жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қауіпін күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қаупі де ұлғаяды. Өрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шаруашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізілген соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді. Өрт қаупі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кәсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қырып тастап отыруы тиіс. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жолдың арғы жағынан басталған өрт орылмаған қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады. Аудандық телекоммуникация Ойыл ауданының ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 785 Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«МҰХИТ БАБА ІЗІМЕН» ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ОЙЫЛ ЖЕРІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӨН ӨНЕРІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, ӨЙ-ГІЛІ ӨНШІ-КОМПОЗИТОР МҰХИТ МЕРӘЛІҰЛЫНЫҢ 185 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «МҰХИТ БАБА ІЗІМЕН» ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫНА АРНАЙЫ ДЕЛЕГАЦИЯ ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛДІ.



Қонақтар алдымен XIX ғасырдың көне мұрасы — Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарларын аралап, тарихи орынның шежірелі тарихымен танысты. Сондай-ақ делегация Ойыл аудандық мешітіне және Ш. Бәрсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлкетану музейіне барып, өңірдің рухани-мәдени мұрасын тамашалады. Аудандық Жастар ресурстық орталығында Мұхит Мерәліұлының 185 жылдығына арналған арнайы конференция өтіп, баба мұрасы кеңінен насихатталды. Кеш соңы аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған

«Қаратөбем — өн мен жырдың ордасы» атты концерттік бағдарламамен жалғасты. Өнер кешінде ұлттық ән-күй дәріптеліп, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Шара соңында Қаратөбе ауданы әкімінің орынбасары Қаратөбе ауданының әкімі Қадіржан Сүйеуғалиевтің құттықтау хатын жеткізіп, ақ жеңлер ансамбліне ықылас гүлін табыс етті. Сонымен қатар аудан халқына өз ризашылығын білдірді. Өз кезегінде аудан әкімі Асқар Қазыбаев келген қонақтарға алғыс білдіріп, естелік сыйлықтарын табыстады.

БҮЛДІРШІНДЕР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАҢ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ
СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ROBOBALAN-2026» БАЙҚАУЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ «АСАНӘЛІ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ЖҮЛДЕЛІ ІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ.

Байқауға қатысқан Қасиет Қуатов мен Ибраһим Сәрсенбай робототехника саласындағы білімдері мен қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді. Оқушыларды байқауға дайындаған жетекшісі — Лаззат Қамысбаева. Республикалық деңгейдегі бұл жетістік — жас

бүлдіршіндердің ізденімпаздығы мен шығармашылыққа деген қызығушылығының, сондай-ақ ұстаз еңбегінің айқын жемісі. Жеңімпаздарға алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, білім мен ғылым жолында толағай табыстарға жете берулерін тілейміз!



ОЙЫЛДЫҚ СТУДЕНТТЕР ӨНІРЛІК ЧЕМПИОНАТТА ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ӨТКЕН «WORLD SKILLS AQTOBE – 2026» КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ ӨНІРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ. ӨНІРЛІК ЧЕМПИОНАТТЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ АҚТӨБЕ ИНДУСТРИАЛДЫ-КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ БАЗАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Ауқымды додаға 400-ден астам қатысушы мен сарапшы қатысып, жарыстар 70

құзыреттілік бойынша өткізілді. Олар ІТ, инженерлік мамандықтар, құрылыс, сервис,

дизайн, педагогика, ауыл шаруашылығы, өндірістік технологиялар және қызмет көрсету салаларын қамтыды. Чемпионаттың ашылу рәсімінде Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы Бұлбұл Күзембаева сөз сөйлеп, WorldSkills қозғалысының жас мамандардың кәсіби дамуы мен тәжірибе алмасуына зор мүмкіндік беретінін атап өтті. Аталған чемпионатқа Ойыл аудандық кәсіптік колледжінің студенттері де қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. «Ауылшаруашылық машиналарын жөндеу және қызмет

көрсету» құзыреттілігі бойынша Аян Сұлтан «Үздік маман» номинациясын иеленді. Оның компатриоты — арнайы пән оқытушысы Нұрдаулет Оралов. Ал, «Мобилография» құзыреттілігі бойынша Қуантқан Аманбекұлы «Үздік маман» номинациясымен марапатталды. Оның компатриоты — өндірістік оқыту шебері Қанат Кенжеғалиев. Бұл жетістіктер студенттердің кәсіби дайындығының жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, колледж ұжымының сапалы білім мен білікті маман даярлаудағы еңбегінің нәтижесі.

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМДАРЫН ТАҢДАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА ҰСЫНЫСТАР!

Оқушылар үшін жылдың ең сүйікті мезгілі - жаз және жазғы демалыс.

Бұл балалардың дамуына, тәрбиесіне, денсаулығына өте маңызды рөл атқарады. Барлық ата-аналар бұл уақытты балаға қызықты және қаланың шуынан тыс жерде өткізуді қалайды.

Демек, жазғы лагерьді таңдаудың уақыты келді. Лагерде демалу тек қарапайым жазғы демалыс емес, ол баланың өсіп-өркендеуі үшін маңызды қадам.

Лагерь - балаға тәуелсіз және жауапты болуға көмектесетін қандайда да бір еркіндік берудің керемет мүмкіндігі. Лагерде бала қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге, командамен жұмыс істеп үйренуге, достар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік алады.

Жазғы сауықтыру ұйымдарының негізгі міндеті – балалардың қауіпсіз демалуын және сауықтыруын қамтамасыз ету. Жазғы сауықтыру лагерлердің (қала сыртындағы лагерь) ашылуы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі №146 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда жүзеге асырылады.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРДІ ТАҢДАҒАН КЕЗДЕ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ТАЛАПТАРДЫ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ:

- сауықтыру лагерінің қызметі бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар екендігіне көз жеткізу;
- балалардың жатын бөлмелерінің жағдайына назар аударыңыздар.
- Балалар бөлмелері кең, жарық, жөндеуден өткен, тұруға жайлы және ойын ойнауға қажеттінің бәрі болуы керек. Бөлмеде қанша бала бар екенін, терезелер ашылаты-

нын, қаншалықты жиі тазаланатыны туралы сұрастыру қажет.

Өйткені, бір жатын бөлмедегі орын саны бір балаға 4 м2 есебінен көзделеді. Жақсы көңіл-күй мен әл-ауқат ғана емес, кейде баланың денсаулығы да осы кішкентай нәрселерге байланысты болады;

- лагерьдегі балалардың тамақтануына назар аударыңыз. Тамақтану арасындағы интервал 3,5 - 4 сағаттан асырмай, қосымша екіінші таңғы ас немесе кешкі ас бар кезінде бес реттік тамақтандыру көзделеді.

Тамақ арасындағы аралықта ас мәзіріне қымызды немесе қышқыл сүт өнімін енгізу ұсынылады. Объекті басшысы бекіткен перспективтік маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады. Мәзір жасау кезінде өңірде шығарылатын отандық өнімдер ассортименті ескеріледі. Балаларды тамақтандыру районында витаминді-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді (темірмен байытылған ұн, йодталған тұз, йод пен және басқа да микроэлементтермен байытылған қышқыл-сүт өнімдері және т.б.).

Ата-аналар өнімдердің сапасына сенімді болуы керек, сондықтан ұсынылған мәзірмен алдын ала танысуға болады;

- Балаларды оңалту кезінде қатайту және қалпына келтіру процедураларына көп көңіл бөлу керек (ваннаға түсу, ауа ванналары, таза ауада таңертеңгілік жаттығулар, аяққа контрастты су құю, қырлы тақтаймен жүру).

Балаларыңыз үшін жақсы, пайдалы және қызықты демалыс тілейміз!

Ғ. ҚҰБАЕВ,

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

1 МАУСЫМДАН БАСТАП ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТТАР МЕН ҚАДАСТРАЛЫҚ ПАСПОРТТАРДЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫ ТЕК ОНЛАЙН РӘСІМДЕЛЕДІ

eGov.kz порталында жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру және кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру мемлекеттік қызметтері жаңартылды. Енді пайдаланушылар өтінім беру кезінде бірден төлем жасап, нәтижені электрондық форматта ала алады. Бұған дейін төлем жасау және нәтижені алу үшін ХҚКО-ға бару қажет болатын. Енді процесс толықтай онлайн форматқа көшірілді: төлем өтінім беру барысында жүзеге асырылады, ал дайын техникалық паспорт немесе кадастрлық паспорттың телнұсқасы eGov.kz порталындағы пайдаланушының Жеке кабинетіндегі «Қызметтерді алу тарихы» бөліміне автоматты түрде жүктеледі. Қызмет көрсету мерзімі жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА:

- * eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Басты бет» – «Жылжымайтын мүлік» – «Сатып алу, сату, жалға алу» немесе «Тұрғын үй қатынастары» бөліміне өту;
- * «Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру» немесе «Кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру» қызметін таңдау;
- * өтінім түрін және жылжымайтын мүлік түрін көрсету, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалын таңдау;
- * қажетті деректерді толтыру, төлем жасау және суранымға қолжетімді қол қою тәсілдерінің бірімен қол қою қажет.

Цифрлық мемлекеттік қызметтердің танымалдығының артуы статистикамен де расталады. Егер 2021 жылы eGov.kz порталы арқылы жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт пен кадастрлық паспорттың телнұсқасын алуға 100 мың өтінім беріліп, бұл барлық өтінімдердің 22,8%-ын құраса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 41%-ға жетті. Онлайн өтінімдер үлесінің артуы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алуға сұраныстың жоғары екенін және азаматтардың күнделікті мәселелерді шешуде цифрлық сервистерді пайдалануға дайын екенін көрсетеді. «Мемлекеттік қызметтерді одан әрі цифрландыру аясында 2026 жылғы 1 маусымнан бастап жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру және кадастрлық паспорттың телнұсқасын беру бойынша өтінімдерді ХҚКО операторлары арқылы қабылдау тоқтатылады. Қызметтер тек eGov.kz порталы және eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы онлайн форматта көрсетіледі. Енді пайдаланушыларға төлем жасау үшін бөлек жүгінудің және техникалық паспортты алу үшін ХҚКО-ға барудың қажеті жоқ – барлық процесс электрондық форматта қолжетімді, ал дайын құжат eGov.kz порталындағы Жеке кабинетте қолжетімді болады», – деп атап өтті ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин. Сонымен қатар, «Жылжымайтын мүлік объектілеріне тех-

никалық паспорт беру» мемлекеттік қызметін eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Мемлекеттік қызметтерді кезең-кезеңімен онлайн форматқа көшіру қажетті қадмдардың санын қысқартуға, ХҚКО-ларға түсетін жүктемені азайтуға және қызметтерді алу процесін азаматтар үшін ыңғайлырақ, жылдамдық әрі қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, егер азаматта қызметті онлайн алу үшін қажетті жағдайлар болмаса, ол ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын пайдаланып, мемлекеттік қызметті дербес рәсімдей алады. Бүгінгі таңда ЭЦҚ беру, тұрғылықты жері бойынша тіркеу, жүргізуші куәлігін ауыстыру, ресми дилерлерден автокөліктерді бастапқы тіркеу, жүргізуші куәлігін алу үшін өтінім беру (қайта рәсімдеу), еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды беру және ұзарту, сондай-ақ ел өңірлерінде пилоттық режимде жер учаскелеріне құжаттарды рәсімдеу қызметтері автоматтандырылып, онлайн форматта қолжетімді. Жаңартулар ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылды.

Анар МАГЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

EGOV BUSINESS ҚОСЫМШАСЫНДА ЖҚ-НЫ ЖАБУ БОЙЫНША ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

EGOV BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА «ЖЕКЕ КӘСІПКЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ» ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ. СЕРВИС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖҚ ЖАБУ РӘСІМІН ӨТІНІШ БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА БАРМАЙ-АҚ, ТОЛЫҚ ОНЛАЙН ФОРМАТТА ТАПСЫРУҒА МҰМКІНДІК БЕРЕДІ.



Қызмет eGov Business қосымшасында авторизациядан өткен жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғаларға қолжетімді. Жаңа сервис өтініш беру процесін толық цифрлық форматқа ауыстырып, өтінішті тапсыру кезеңінде мемлекеттік кірістер органына жеке жүгіну қажеттілігін жояды. Пайдаланушылар барлық негізгі қадамдарды қосымша арқылы өтіп, өтінімнің қаралу мәртебесін нақты уақыт режимінде бақылай алады. **Қызметті алу үшін eGov Business мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп:**

- * «Бизнесті тіркеу және тоқтату» қызметтер санатын таңдап, «Жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтату» қызметіне өту қажет;
- * салық өтінішінің санатын таңдау қажет: D - «Камералдық бақылау жүргізілетін отырып қызметін тоқтататын жеке кәсіпкер, жеке практикамен

айналысатын тұлға» немесе E - «Камералдық бақылау жүргізілмей оңайлатылған тәртіппен қызметін тоқтататын жеке кәсіпкер»;

- * талаптар тізімімен танысу қажет;
- * келесі кезеңде мемлекеттік кірістер органының кодын тізімнен таңдау қажет;
- * деректерді жинауға және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына келісімді растау қажет;
- * салық органын (МКО) таңдау қажет;
- * өтінімге код, Face ID немесе Touch ID арқылы қол қою қажет.

Қызмет нәтижесі және мемлекеттік органның жауабы қызметке қайта кірген кезде қолжетімді болады. Рәсім сәтті аяқталған жағдайда жүйеде мемлекеттік кірістер органдарының дерекқорында ЖҚ қызметінің ресми түрде тоқтатылғаны растайтын «Өңделді» мәртебесі көрсетіледі.

«Бүгінде eGov Business мобильді қосымшасында шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қызметтердің толық спектріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осы таңда бизнестің негізгі өмірлік циклі – тіркеуден бастап дамыту, қайта ұйымдастыру және жабуға дейінгі кезеңдер цифрлық форматқа көшірілді. Біз бизнеске арналған цифрлық сервистердің мүмкіндіктерін кеңейтуді жалғастырып, мемлекеттік қызметтерді барынша ыңғайлы әрі қолжетімді етудеміз», - деп атап өтті, Бекманов Дәулет «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы. Естеріңізге сала кетейік, eGov.kz электрондық үкімет порталында кәсіпкерлік қызметті тоқтатуға байланысты өзге де цифрлық сервистер жүзеге асырылған. Атап айтқанда, «Заңды тұлғаларды тарату» қызметі пайдаланушыларға 2017 жылдан бастап қолжетімді. Осы кезең ішінде қызмет 35 000-нан астам рет пайдаланылған. Қызмет Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Анар МАГЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.